

**«6D021200 – Тұркітану» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін Таджиев Хамидулла Хабибуллаұлының  
«Қазақ және өзбек әдебиеттерінде діни-ағартушылық идеялардың  
көркем бейнеленуі (XIX ғасыр - XX ғасыр басы)» атты  
докторлық диссертациясына отандық жетекші Қыдыр Төрәлі  
Еділбайұлының**

**ПІКІРІ**

Тұркі халықтарының әдебиетін тұтастай қарастыруда біраз кенже қалып келе жатқанымыз белгілі. Исламнан алдыңғы көне тұркі дәуірін айтпағанның өзінде, бертінгі Қарахандықтар, Алтын Орда тұсындағы әдеби жәдігерлерімізді зерттең-зерделеуде тұтастай түркілік таным тұрғысынан емес, ұлттық шеңбер аясында қарастыратындар да бар. Ортағасырларда мұсылман тұркі халықтарының әдеби кеңістігі бір арнада дамығанын ескерсек, сол дәуірдің жазба мұраларын түркітану аясында қарастырудың маңыздылығы арта түседік. Соның ішінде Хорасан, Мәурәннәһір һәм Дешті қыпшак даласын мекендігін түркілердің әдебиеті кешенді түрде қарастырылғаны орынды болмақ. Орталық Азияны мекендеген қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен халықтарының өткен тарихымен бірге, XIX-XX ғасырлардағы әдебиеттегі тағдыры бір арнада тоғысты. Әсіресе, тіл мен діннен, таным мен рухтан ажырай қоймаған XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы қазақ пен өзбектің әдебиетіндегі ортақ арналар мен келелі мәселелердің орны тіптен бөлек.

Докторант Х.Таджиевтің диссертациясында өткен ғасырдың өтпелі кезеңіндегі діни-ағартушылық идеялардың көркем бейнеленуі жан-жақты қарастырылды. Бұған дейін «Қазыналы Оңтүстік» мегажобасы аясында руханият мәселесін кеңінен жырлаған «кітәби ақындардың» шығармаларын жинақтап, бірнеше том етіп жарыққа шығаруға атсалысқан докторанттың бұл тақырыпқа құлышына кіріскені белгілі. Әсіресе, оның қазақ, өзбек, түрік һәм араб тілдерін жетік біліп қана қоймадан, дәстүрлі дініміздің негізгі ұстандары мен шариғат шарттарын жақсы талдай білуі діни ақындар шығармашылығын зерттеуде көп септігін тигізді. Осы уақытқа дейін жалпылама түрде қарастырылып, тек қана баяндалып келген діни әдебиеттің жанрлық сипаты жан-жақты талданды. Мұсылман елдеріндегі қалыптасқан үрдіс бойынша ақын шығармаларындағы иман, ислам һәм ихсан мәселелерінің жырлану ерекшелігі, ұқастығы мен даралығы жан-жақты қарастырылды. Шетелдік жетекшісі, филология ғыламдарының докторы, Карабук (Түркия) университетінің профессоры, белігілі иасауиттанушы Нодирхан Хасанның да диссертантпен тығыз қарым-қатынаста болғанын айта кеткен жөн. Әсіресе діни шығармалардың поэтикасын талдап, ішкі табиғатын аша түсуде қолдан келген көмегін аяған жоқ. Диссертант һәм екі жетекшінің үйлесімді жұмыс істеуінің нәтижесінде диссертация уақтылы жазылды.

Диссертациядағы алға қойған мақсаттарға толығымен кол жеткізілді. Диссертация үш тараудан, әр тарау іштей тараушалардан тұрады. Әр тарауда

қазақ және өзбек ақындарының иман һәм ихсан мәселелерін жырлау ерекшелігі ашып көрсетілген. Әсіресе, діни шығармалардың жанрлық сипаты жан-жақты талданған. Әр тараудан алынған тұжырымдар қорытындыда жинақталған.

ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан қойлыған талаптар толығымен орындалып, отандық және шетелдік басылымдарда диссертацияның ішкі мазмұны мен құрылымын ашатын ғылыми мақалалар жарияланған. Республикалық және Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасалған.

Ғылыми жұмыстың аяқталғанын, алға қойған мақсаттарға қол жеткізілгендігін, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан қойлыған талаптардың орындалғанын ескере отырып, докторант Таджиев Хамидулла Хабибуллаұлының «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Қазақ және өзбек әдебиеттерінде діни-ағартушылық идеялардың көркем бейнеленуі (XIX ғасыр - XX ғасыр басы)» атты докторлық диссертациясын қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

ҚР БФМ ғк М.Әузов атындағы

Әдебиет және өнер институты  
«Қолжазба және фольклортану» ғылыми-  
инновациялық орталығының директоры,  
ф.ғ.к., ассоц., профессор



Т.Қыдыр

М.Борнеген  
жолын  
растаймын кб. аға инспекторы  
«17» 09 2021 ж. Подпись